

*«ШЖҚ МКК «Талдықорған қалалық көпсапалы ауруханасы»  
ММ Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы»*

**«Қазақстан  
Республикасының  
Қылмыстық кодексіне  
және Қылмыстық-  
процестік кодексіне  
толықтыру енгізу утарлы»**

**2026 ж.**



**2014 Жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне 380-3-бабы толықтырлды «Медицина қызметкеріне немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе күш қолдану.**

**1. Медицина қызметкерінің немесе жедел медициналық жәрдем көлігі жүргізушісінің өз қызметтік немесе кәсіптік міндеттерін орындауы кезінде немесе орындауына байланысты не оларды орындағаны үшін кек алу мақсатында оларға қатысты күш қолдану қатерін төндіру –**

**екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі өлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу ұмыстарына, не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге ұғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі ерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

**2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, мынадай:**

1) екі және одан көп адамға қатысты;

2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

3) бірнеше рет;

4) төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында;

5) төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында жасалған іс-әрекет –

**екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**



3. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты және себептер бойынша олардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану –

**бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, мынадай:

1) екі және одан көп адамға қатысты;

2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

3) бірнеше рет;

4) төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында;

5) төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында жасалған іс-әрекет –

**үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**



5. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты және себептер бойынша олардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолдану –

**бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.**

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, мынадай:

1) екі немесе одан көп адамға қатысты;

2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

3) бірнеше рет;

4) төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында;

5) төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында жасалған іс-әрекет –

**жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады**



## 2 - БАП

**Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**